

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетін Астана қаласына көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1376 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетін (бұдан әрі - Комитет) 7 адам санымен Алматы қаласынан Астана қаласына 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін көшіру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Комитетті көшіруді жүзеге асыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Комитеттің көшетін қызметкерлеріне шығыстарды қолданыстағы заңнамаға сәйкес 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен өтесін.

4. Астана қаласының әкімдігі 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен Комитеттің көшетін қызметкерлеріне қызметтікке теңестірілген тұрғын үй беруді қамтамасыз етсін.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі